3 Дәріс. Әлеуметтік зерттеулер

1. Зерттеу тақырыбын, проблемасын, пәні мен объектісін тұжырымдау;
2. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қою.
3.Негізгі ұғымдарды операциялық анықтау және эмпирикалық түсініктемелеу. Өлшем шамасын құру.
4. Зерттеу болжамдарын ұсыну.
5. Зерттеу жоспарлары.

Кез келген ғылыми зерттеу секілді әлеуметтану тұрғысынан зерттеу проблемасы да қазіргі таңда аталмыш ғылымда не белгілі және не белгісіз деген шектес "жерден" басталады. Өйткені, қандай да бір шамада белгілі нәрсе жөнінде қайтадан зерттеу жүргізудің мәні жоқ болса, тура сол сияқты, зерттеушіге белгісіз нәрсе оның қызығушылық нысаны бола алмайды. Демек, проблемалық жағдай белгілі бір бағытта - белгілі кезеңнен белгісіз кезеңге бара жатқан танымның кезекті кезеңінде қалыптасады. Сондықтан әлеуметтану проблемасын ғылыми тұрғыдан әлеуметтану жөнінде базалық ғылыми атағы бар мамандар ғана анықтай алады (яғни алдыңғы тараудың соңында баяндалған алғашқы екі талапқа сәйкес келетіндер). Әлеуметтану жөніндегі қазіргі әдістемелік әдебиеттерде әлеуметтану проблемаларын екі типке: ғылыми проблемаларға (олар жауаптары әлеуметтанушы-ғалымдарды ғана қызықтырмайтын әлеуметтану ғылымының ішінде пайда болады) және тәжірибелік проблемаларға (мәселені шешу үшін әлеуметтанушы-зерттеушілер шақырылатын өмір тәжірибесінің әр түрлі салаларында пайда болады) бөлу жиі кездеседі. Ғылым пәні көптеген оқулықтарда немесе осы ғылым жөніндегі барлық әдебиетте баяндалатыны мәлім. Әлеуметтанушы-зерттеушінің нақ базалық әлеуметтанушылық (пәндік) білімі басқаларға, мысалы, тиісті базалық білімі бар инженер қажет болатын құрылыс жұмыстарында кездесетін инженерлік проблемаларға қарағанда әлеуметтану проблемасының өзіне тән ерекшелігін түсінуге көмектеседі. (Соңғы жағдайда инженердің әлеуметтану проблемасының мәні жөнінде нақтылы ештеңе айта алмайтындай, әлеуметтанушы да еш нәрсе түсінбейді). Әлеуметтанушының мұндай базалық білімі зерттелетін әлеуметтану проблемасының пәндік саласының мазмұнын анықтайды. Әлеуметтанушының әлеуметтану пәнін білуі проблемалық жағдайдың мазмұнын айқын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әлеуметтанушыға зерттегісі келетін және зерттеу соңында қол жеткізуге тура келетін аталмыш проблемалық жағдайдағы белгілі нәрсені түсінуге мүмкіндік береді. Әлеуметтану тұрғысынан зерттеудің объектісі проблемалық жағдай орын алған әлеуметтік шындықтың бөлігі болып саналады.

2. Әлеуметтану тұрғысынан зерттеудің мақсаттары проблемалық жағдайды шешу болып табылады. Егер әлеуметтану тұрғысынан зерттеу теориялық проблеманы шешуге бағытталған болса, онда зерттеудің нәтижесі әлеуметтік шындықтың бұрын мән бермеген аспектілерін тану болады. Ал егер зерттеу тәжірибелік сипаттағы проблемаларды шешуге бағытталса, онда оның мақсаты проблемалық жағдайдан арылуға әкелетін тәжірибелік қадамдар қабылдау жөніндегі ұсыныстар болады. Әлеуметтану тұрғысынан

зерттеулердің міндеттері нәтижесінде әлеуметтанушы әлеуметтік қайшылықтардан арылу (тәжірибелік проблема кезінде) бойынша қорытынды білімді (теориялық проблема кезінде) немесе ұсынысты жасай алатын зерттеу әрекеттерінің орындалуы болып табылады.

3. Әлеуметтану тұрғысынан зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін анықтау барысында проблемалық жағдайдың мазмұнды құрылымының анықталуына әкелетін негізгі ұғымдарды айқындау және түсініктемелеу сияқты әлеуметтану тұрғысынан зерттеу бағдарламасының мазмұнды аспектісі қалыптасады. Мынадай мысал келтірейік: қайсыбір жоғары оқу орнында студенттердің үлгерімін көтеру мүлдем қолдан келмейді дейік. Жоғары оқу орнының басшылығы бұл проблеманы шешу үшін әлеуметтанушыларды көмекке шақырады. Мұндай жағдай проблеманың іс-тәжірибе саласынан туындауына жатады. Бұл жерде әлеуметтанушылардың әрекеттері келесідей: олар басшылықпен бірге “Студенттердің үлгерім деңгейін көтеру” деген тақырыпты анықтай алады. Зерттеу тақырыбында проблемалық жағдайдың өзі жасырылған - аталмыш оқу орнында үлгерім төмен және оны көтеру үшін оның басшылығы не істеу керек екенін білмейді, әлеуметтанушылар да бұл мәселе бойынша нақтылы ұсыныстар беруге әзірге дайын емес. Мұндай жағдайда әлеуметтану тұрғысынан зерттеудің мақсаты осы оқу орнындағы студенттердің үлгерім деңгейін көтеруге әкелетін ұсыныстар жасау болады. Зерттеудің міндеті әлеуметтану тұрғысынан зерттеудің нақтылы әдістерін пайдаланумен белгілі бір кезең аралығында осы зерттеуді жүргізу болып табылады. Іріктеу жиынтығын есептеу. Біздің ойымызша, ең алдымен қарастырылатын мәселе бойынша негізгі ұғымдық аппаратты анықтап алу қажет. Жиынтық - соларға қатысты қорытындылар жасағымыз келетін адамдардың, ұйымдардың, бізді қызықтыратын оқиғалардың кез келген тобы (7). Іріктеу - талдау үшін белгіленген жағдайлар (объектілер) жиынтығының кез келген кіші тобы. Жалпы жиынтық - талдаудың соңғы нәтижелері жобаланатын зерттеудің бүкіл объектісі. Іріктеудің негізделгендігі жалпы жиынтық туралы толық ақпаратқа ие болуды білдіреді. Олар статистикалық жинақтар, әр түрлі облыстық бөлімшелердің (жұмыспен қамту орталығы) мәліметтері болуы мүмкін. Қоғамдық пікір мониторингінің жалпы жиынтығын республиканың барлық кәмелетке толған халқы құрайды.

Зерттеу жүргізген кезде алынған жауап сенімді болатынына, яғни шындыққа сәйкес келетініне кейбір кепілдіктер болуы керек. Сондықтан білімге деген шығармашылық ізденіс белгілі бір ережелерге сәйкес жүргізілуі керек. Мұндай ережелер әдістер деп аталады. Әлеуметтанулық зерттеу әдістерін зерттеу әлеуметтанушыларға өз жұмысында көмектесетін ережелерді білуге көмектеседі. Әлеуметтанулық зерттеулер белгілі бір әдістерді, ережелер мен процедураларды қолдану арқылы әлеуметтік шындықты нақты бақылаулары бар әлеуметтік ұғымдарды байланыстырады.

Әлеуметтік зерттеу түрлері

Барлау зерттеуі - зерттеу құралдарын "іске асыру" (әдістемелік құжаттар): сауалнамалар, сұхбаттасу формалары, сауалнама парағы, бақылау карталары, құжаттарды зерттеуге арналған карталар және т.б.

Сипаттамалық зерттеу - зерттелген әлеуметтік құбылысқа салыстырмалы түрде тұтас көрініс беретін эмпирикалық ақпарат алу. Талдау объектісі әр түрлі сипаттамалармен сипатталатын салыстырмалы түрде көп халық болған жағдайда (әртүрлі кәсіп, жынысы, жасы, жұмыс тәжірибесі және т.б. жұмыс істейтін ірі кәсіпорынның еңбек ұжымы).

Аналитикалық зерттеу зерттелген құбылыстың немесе процестің элементтерін сипаттап қана қоймай, оның негізінде жатқан себептерді анықтауға мүмкіндік береді.

Әдіснамалық бөлім

1. Мәселені тұжырымдау, объект пен тақырыпты анықтау.
- Мәселе - бұл құбылыс, оның табиғаты мен сипаттамалары түсініксіз.
- Объект - бұл таным процесіне бағытталған.
- Тақырып дегеніміз - тікелей зерттеуге жататын нәрсе.

2. Мақсаттарды анықтау және зерттеу міндеттерін тұжырымдау.
- Мақсат - бұл түпкілікті нәтиженің нақты көрінісі.

3. Негізгі ұғымдардың мәнісін ашу - түсіндіру процедурасы, зерттеудің концептуалды схемасын құрайтын ұғымдардың мағынасын нақтылау.

4. Жұмыс гипотезаларын алға қою. Гипотеза - бұл объектінің құрылымы, олардың арасындағы байланыстың сипаты мен мәні, осы байланыстарды анықтайтын факторлар туралы ғылыми болжам.

Әдіснемелік бөлім зерттелетін жиынтықты анықтау, алғашқы социологиялық ақпаратты жинау әдістерінің сипаттамалары, оны жинауға арналған құралдарды пайдалану реттілігі, жинақталған мәліметтерді компьютерде өңдеудің логикалық схемасы (немесе бағдарламасы). 1. Негізгі немесе стратегиялық зерттеу жоспары. 2. Бастапқы деректерді жинау мен талдаудың негізгі рәсімдерінің эскизі.

Бақылау түрлері а) зерттеуші «бақылаушы» ретінде - топ мүшелерімен байланысқа түспейді; ә) зерттеуші «бақылаушы-қатысушы» ретінде - қарым-қатынасқа, топтық әрекеттерге ішінара енеді; в) зерттеуші «қатысушы-бақылаушы» ретінде - топтың әрекеттеріне толық, ашық түрде енеді; г) зерттеуші «табиғи қатысушы-бақылаушы» ретінде - инкогнито тобының әрекеттеріне кіреді; д) зерттеуші «өзін-өзі бақылаушы» ретінде - өзінің іс-әрекетінің фактілерін, күйлерін тіркейді. Бақылау критерийі енгізілмеген және енгізілген: бақылаушы позициясы

4. Интервью дегеніміз белгілі бір мақсатпен бір немесе бірнеше адаммен әңгімелесу жолымен мәлімет жинау әдісі. Интервью әдісімен үлкен әлеуметтік топты зерттеу қажет болғанда, сол топтың ішінен бірнеше адам әңгімелесу үшін іріктеп алынады (анкета таратқанда да осылай жасалады).

Іріктеу карапайым және күрделі болады. Қарапайым іріктеуді колданғанда әлеуметтік топтың ішінен кез келген (мәселен, әрбір оныншы) адам іріктеп алынады. Күрделі іріктеу кезінде әлеуметтік топқа жататын адамдар бірер белгісі бойынша (мәселен, жасына, мамандығына т.б. қарай)

кіші топтарға бөлініп, әңгіме осы топтардың өкілдерімен жүргізіледі, Интервьюдің нәтижесінде алынған жауаптар не еркін немесе стереотипті (алдынала әзірлеген формаға сәйкес) болуы мүмкін.

Әңгіме еркін түрде жүретін болса, интервью экстенсивті және интенсивті болып екіге бөлінеді. Экстенсивті интервью кезінде зерттеуші алдынала әзірленген бірнеше сұрақ қояды, ал интенсивті интервью кезінде әнгіме мүлдем еркін түрде жүреді, ешқандай алдынала әзірленген сұрақ қойылмайды.

5. Тест. Алдағы уакытта болуға тиісті белгілі бір жағдайға байланысты жеке адамдардың кандай ой-пікірде екенін білу үшін мәліметтер жинаудың құралы ретінде тест қолданылады. Тест көбінесе белгілі бір ретпен тізіліп койылған сұрақтар немесе пікірлер түрінде болады да оған жеке адамдардын көзқарасы кандай екені анықталады. Тестілеу негізінен жеке адамдарға ғана қолданылатын әдіс болғандықтан, психология ғылымы үшін манызды болады да, социология үшін мүлдем дерлік маңызы жоқ десе де болады, өйткені социология әлеуметтік, адамдық, қатынастарды біртұтас түрінде зерттейді.

Кейбір әлеуметтік құбылыстарды сан жағынан өлшеу мүмкін емес. Оларды тек ұғымдармен түсіндіруге болады. Мәселен, қоғам ұғымы, тап немесе мемлекет ұғымы т.б. сондай құбылыстар. Солай бола тұрса да социология кейбір құбылыстарды аз да болса «өлшеу» мүмкіндігін тудырады. Мәселен, «материалдық өндіріс», «тұрғын халықтың қозғалысы» ұғымдарын сандық өлшемдер арқылы зерттеу іске асты.

Зерттеуші ғалым ғылыми зандарды аша отырып, өзі ұсынған бастапқы жорамалды (гипотезаны) не растайды, не теріске шығарады. Ғылыми түсіндірме беру кезеңінде жинақталған мәліметтер ойша талданады, ал бұл үшін түрліше ойлау формалары мен амалдары қолданылады. Атап айтқанда, мәліметтер тәртіпке келтірілген соң құбылыстар арасындағы байланыстар жайлы бастапқы ұсынылған жорамалдар индукциялық және дедукциялық ойқорытындылардың және басқа логикалық ойлау амалдарының көмегімен тексеріледі. Егер байланыстың бар екендігі расталса, оның сипаты анықталады.

Ғылыми түсіндірме жасалғанның артынша тағы да жаңа мәліметтер жиналып, жасалған түсіндірменің ақиқаттығын тексеру мақсатымен ол мәліметтер теориялық тұрғыдан талданса, мұндай тексеру тар мағынадағы тексеру деп аталады.